

"Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 84 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 5 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 1 ақпанда № 33961 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 83 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.04.2026 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 84 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23619 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қарыз алушы банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) Банктер туралы Заңның 36-бабының 1-1-тармағына сәйкес қарыз берген банкке береді.

Банктер туралы заңның 36-бабының 1-1-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін өтініш банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот актісі, атқарушы жазба, татуласу келісімі немесе банктік қарыз шарты бойынша берешекті реттеу үшін не банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін медиация

тәртібімен жасалған дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім болмаған, сондай-ақ банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талапты) банк үшінші тұлғаға бермеген жағдайда беріледі.

Банктің өтінішті қарауы қарыз алушыға банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті не оның бір бөлігін біржолғы өтеу талабын белгілемей жүзеге асырылады.

Қарыз алушы банкпен келісім бойынша банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті, не оның бір бөлігін банк өтінішті қарағанға дейін дербес өтеуге құқылы.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Банк қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде банктік қарыз шартының талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және жазбаша нысанда не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен қарыз алушыға:

- 1) банктік қарыз шартының талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні;
- 2) банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту жөнінде өз ұсыныстары;

3) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұндай бас тартудың себептеріне уәжді негіздеме келтіре отырып, банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту туралы хабарлайды.

Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу қарыз алушы банктік қарыз шартының ағымдағы талаптары бойынша міндеттемелердің орындалмауына әкеп соққан мән-жайларды құжаттамалық растаған кезде қарыз алушының әлеуметтік және қаржылық жағдайын ескере отырып, оның борыш жүктемесінің төмендеуін қамтамасыз ететін талаптарда жүзеге асырылады.

Банк және қарыз алушы банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістермен келісетіні туралы шешім қабылдаған кезде банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі мен мерзімдері банктің ішкі құжатында айқындалады, бұл ретте мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі банк осындай шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды.

Банк банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстарын жіберген кезде қарыз алушының банк ұсынған банктік қарыз шартын өзгерту талаптарына жауап беру мерзімі банктің хатында көрсетіледі және қарыз алушы банктің шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

Банк пен қарыз алушы арасында банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту жөнінде банктің ұсынысын алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде келісімге қол жеткізбеу банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Бұл мерзім банк пен қарыз алушының келісімі болған жағдайда ұзартылуы мүмкін.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған сәттен бастап жиырма төрт ай ішінде қарыз алушының міндеттемесін төмендету, оның ішінде айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды), комиссиялар мен өзге төлемдерді толық жоюды қамтамасыз ететін талаптарда берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер жүзеге асырылмаған жағдайда, құқықты (талапты) коллекторлық агенттікке беруге жол берілмейді.

Банк тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кеш емес мерзімде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға мынадай:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы қарыз алушы-жеке тұлғалардың қаралған өтініштері туралы;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік қарыз шартының талаптарына енгізілген өзгерістер туралы;

3) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушы-жеке тұлғалардың банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту себептері туралы ақпарат ұсынады.";

осы қаулыға 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес 1, 2, 3 және 4-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2024 жылғы 29 қаңтардағы
№ 5 Қаулысына
1-қосымша
2021 жылғы 16 шілдедегі
№ 84 Банктік қарыз шартының
талаптарына өзгерістерді
қарау қағидаларына
1-қосымша
Нысан
_____мырзаға (ханымға)
Мекенжайы: _____

Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізуден бас тарту

"_____" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Кредитор) Сіздің Банктік қарыз шартының (бұдан әрі – Шарт) талаптарына өзгерістер енгізу туралы _____ жылғы _____. № _____ өтінішіңізге (_____ жылғы _____. кіріс № _____) жауап ретінде мынаны хабарлайды.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Кредитор Сізге

_____ (бас тарту себебінің негіздемесін көрсету) байланысты Шарт талаптарына өзгерістер енгізуден бас тартады.

Кредитордың уәкілетті тегі, аты, адамы әкесінің аты (ол бар болса)

* Қарыз алушының банкте бірнеше банктік қарыз шарттары болған жағдайда бас тарту әрбір Шарт бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2024 жылғы 29 қаңтардағы
№ 5 Қаулысына
2-қосымша

2021 жылғы 16 шілдедегі №84
Банктік қарыз беру
шартының талаптарына
өзгерістерді қарау
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қарыз алушы - жеке тұлғалардың банктік қарыз шарттарының талаптарына өзгерістер енгізу туралы (банктің атауы) қараған өтініштері туралы ____ жылғы 1 _____ жағдай бойынша (есепті жылдың басынан өсумен) ақпарат*
(сомалар мың теңгемен)

Қарыздың түрі	Түскен өтініштер					
	Барлығы			Олардың ішінде ХӨОТ**		
	қ а р ы з алушылардың саны	шарттард ың саны	борыштың сомасы***	қарыз алушылар дың саны	шарттард ың саны	борыштың сомасы
А	1	2	3	4	5	6
Тұтынушылық қарыздар						
кепілсіз қарыздар						
кепілді қарыздар						
Ипотекалық тұрғын үй қарыздары						
Өзге де ипотекалық қарыздар						
Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізілді			Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізуден бас тартылды			
Барлығы		Олардың ішінде ХӨОТ			Барлығы	
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыштың сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны
7	8	9	10	11	12	13

* Талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 мамырдағы № 69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасының шеңберінде өзгертілген ипотекалық қарыздарды қоспағанда, банктік қарыздар бойынша ақпарат беріледі;

* ХӨОТ – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар.

*** мыналар бойынша: негізгі борыш, сыйақы, мерзімі өткен негізгі борыш, мерзімі өткен сыйақы, айыпақы (айыппұл, өсімұл), комиссия және өзге де төлемдер;

--	--

Өтініштер қаралуда						Қарыз алушының берілген өтініштен бас тартуы, қаржылық жағдайдың нашарлауын растайтын құжаттарды ұсынудан бас тартуы, қарыз алушы банктік қарыз шартына өзгеріс енгізуге қатысты қосымша келісімге қол қоймаған, банк өз ұсыныстарын жолдаған немесе қарыз алушыдан құжаттарды сұраған, қарызды кері сатып алу.					
Барлығы			Олардың ішінде ХЭОТ			Барлығы			Олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыштың сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыштың сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыштың сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыштың сомасы
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2024 жылғы 29 қаңтардағы
№ 5 Қаулысына
3-қосымша
2021 жылғы 16 шілдедегі №84
Банктік қарыз шартының
талаптарына өзгерістерді қарау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қарыз алушылардың банктік қарыз шарттарының талаптарына (ұйымның атауы) енгізген өзгерістер туралы ____ жылғы 1 _____ жағдай бойынша (есепті жылдың басынан өсумен) ақпарат*

(сомалар мың теңгемен)

Қарыз түрі	Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізілді, барлығы					
	Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ**		
	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
А	1	2	3	4	5	6
Тұтынушылық қарыздар						
кепілсіз қарыздар						
кепілді қарыздар						
Ипотекалық тұрғын үй қарыздары						
Өзге ипотекалық қарыздар						

Қарыз түрі	борышты толық кешіру					
	Барлығы			олардың ішінде ХӨОТ		
	қ а р ы з алушылардың саны	шарттардың саны	б о р ы ш сомасы	қ а р ы з алушылардың саны	шарттардың саны	б о р ы ш сомасы
А	37	38	39	40	41	42
Тұтынушылық қарыздар						
кепілсіз қарыздар						
кепілді қарыздар						
Ипотекалық тұрғын үй қарыздары						
Ө з г е ипотекалық қарыздар						

*Талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 мамырдағы № 69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасының шеңберінде өзгертілген ипотекалық қарыздарды қоспағанда, банктік қарыздар бойынша ақпарат беріледі;

**** ХЭОТ – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар.**

оның ішінде мына себептермен:											
сыйақы мөлшерлемесінің азаюы						негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыру					
Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ			Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
оның ішінде мына себептермен:											
Шетел валютасында берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыш қалдығы сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгерту						кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өз бетінше өткізуі					

Барлығы			олардың ішінде ХӨӨТ			Барлығы			олардың ішінде ХӨӨТ		
қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қар ыз алу шыл ар дың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	бор ыш сом асы
43	44	45	46	47	48	49	50	51	52	53	54

оның ішінде мына себептермен:

берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып

банктік қарыз мерзімін өзгерту

Барлығы			олардың ішінде ХӨӨТ			Барлығы			олардың ішінде ХӨӨТ		
қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қар ыз алу шыл ар дың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	бор ыш сом асы
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

оның ішінде мына себептермен:

кепілге қойылған мүлікті кредиторға беру арқылы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына кері қайтару ақысын ұсыну

банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені сатып алушыға беру арқылы ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу

Барлығы			олардың ішінде ХӨӨТ			Барлығы			олардың ішінде ХӨӨТ		
қарыз алушыл ардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қар ыз алу шыл ар дың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	борыш сомасы	қарыз алушыл ардың саны	шарттар дың саны	бор ыш сом асы
55	56	57	58	59	60	61	62	63	64	65	66

оның ішінде мына себептермен:

мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың), комиссиялардың және өзге де төлемдердің күшін жою

Кепілді қарыздар						
Ипотекалық тұрғын үй қарыздары						
Өзге де ипотекалық қарыздар						
Қарыз түрі	қарыз алушының өтімді кепілі/салымы/өзге мүлкі бар (банктің талдауы бойынша немесе растайтын құжат болған жағдайда)					
	Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
	қ а р ы з алушылардың саны	шарттардың саны	б о р ы ш сомасы	қ а р ы з алушылардың саны	шарттардың саны	б о р ы ш сомасы
А	31	32	33	34	35	36
Тұтынушылық қарыздар						
Кепілсіз қарыздар						
Кепілді қарыздар						
Ипотекалық тұрғын үй қарыздары						
Өзге де ипотекалық қарыздар						

* Талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 мамырдағы № 69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасының шеңберінде өзгертілген ипотекалық қарыздарды қоспағанда, банктік қарыздар бойынша ақпарат беріледі;

** ХЭОТ - "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар;

*** "Қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9125 болып тіркелген).

оның ішінде мынадай себептер бойынша:						
төлемдерді кейінге қалдыру берілген жағдайда қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейінен асып кету ***	қарыз алушы өзінің қаржылық және әлеуметтік жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттарды ұсынбаған					

